

"Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары мен ішкі әскерлерінде әскери-дәрігерлік сараптамалау туралы ережелер мен Дәрігерлік куәландыру ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 1998 жылғы 24 желтоқсандағы N 470 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 24 мамырдағы N 237 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 26 мамырда тіркелді. Тіркеу N 4240. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010 жылғы 27 шілдедегі N 325 Бұйрығымен.

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010.07.27 N 325 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі істер органдары мен ішкі әскерлерінде әскери-дәрігерлік сараптамалауды және медициналық куәландыруды жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары мен ішкі әскерлерінде әскери-дәрігерлік сараптамалау туралы ережелер мен Дәрігерлік куәландыру ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 желтоқсандағы N 470 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 716 болып тіркелген, N 2727 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 10 ақпандағы N 99 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

барлық мәтін бойынша "ІББ, ІБ-нің" деген аббревиатуралар "ІД-нің" деген аббревиатуралармен ауыстырылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары мен ішкі әскерлерінде дәрігерлік куәландыру ережесінде (бұдан әрі - Ереже) (бейбіт және соғыс уақытында):

2-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Кейбір жағдайларда медициналық куәландыру кезіндегі тексерілуші адамды жалпы бағалауда маңызы бар қосымша ақпарат алу үшін полиграфты пайдалана отырып, арнайы психофизиологиялық зерттеу тек өзінің келісімімен ғана қолданылады.";

Е р е ж е г е 1 - қ о с ы м ш а д а :

5-тараудың жиырма сегізінші абзацында:

"эхо-электроэнцефалографияны" деген сөзден кейін ", арнайы полиграфты пайдалана отырып, арнайы психофизиологиялық зерттеуді" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ішкі істер вице-министрі полиция генерал-майоры Қ.Б.Өскенбаевқа және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Тыл департаментінің Медициналық басқармасына (Н.И.Мельникова) жүктелсін.

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министр